

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**



«Бекітемін»
«ОҚМА» АҚ жанындағы
медицина колледжінің директоры
Кушкарова А. М.
«24» 09 2025 ж.



**ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА БОЙЫНША ЖҰМЫС ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пән: «Мейіргерлік технологиялар»
Мамандығы: 09110100 - "Стоматология"
Біліктілігі: 4S09110102 - "Дантист"
Курс: 1
Семестр: 2
Қорытынды бақылау түрі: С/сынақ
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер: КЗ: 96/4

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы	80-11-2025 () 11 беттің 2 беті

«Мейіргерлік технологиялар» өндірістік практикасы бойынша жұмыс оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығын ескере отырып әзірленді.

Оқытушы: Ә.Қ. Мәди

Мамандығы: 09110100 - "Стоматология"

Біліктілігі: 4S09110102 - "Дантист"

Жұмыс оқу бағдарламасы «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде каралды және ұсынылды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: Г.Н. Айбекова

Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы: Г.Н. Айбекова

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің
Әдістемелік Кеңесінде каралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы: Г.О. Мамбеталиева

ЖШС «Дау Мед» клиникасының бас дәрігері Дауей Бауыржан Қалмаханбетұлының
ұсынысымен әзірленді

Дауей Б.К.



ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		80-11-2025 () 11 беттің 3 беті

2.1 Кіріспе

Оқу бағдарламасы мейіргердің практикалық іс-әрекетінің маңызды мәселелерін ашады, мысалы, инфекциялық қауіпсіздік, инфекцияны бақылау, аурухананың қауіпсіз ортасы, дәрі-дәрмек терапиясы, әртүрлі органдар мен жүйелердің функциялары бұзылған науқастарды бақылау және күту, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізу.

Пәнді оқыту барысында мейірбике ісінің этикалық және деонтологиялық аспектілеріне назар аударылады. Бағдарламалық материал нормативтік-құқықтық құжаттаманы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен қолданыстағы бұйрықтарды, мейіргерлік манипуляциялар стандарттарын ескере отырып зерделенеді.

2.2. Пәннің мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

2.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АГЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

2.4. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері:

- Медициналық этика және деонтология негіздерін меңгеру.
- Науқастың жалпы жағдайын бағалау.
- Мейіргер ісінің негізгі теориялары, денсаулық сақтауды ұйымдастыру, мейірбике кәсібінің этикасы мен құқықтық негіздері туралы білімдерін көрсетеді.
- Мейіргерлік күтімді жоспарлау принциптерін және пациенттердің құқықтарын қорғау жолдарын түсіну.
- Студент өз іс-әрекеті үшін жауап береді, мейіргерлік мамандық бойынша маман ретінде өз құзыретінің шегін біледі және ақпараттың құпиялылығын сақтайды.
- Пациенттерге күтім жасау кезінде кәсіби қарым-қатынастың артықшылықтарын салыстырады.
- Студенттің тыныс алу жүйесі, жүрек-тамыр жүйесі, асқорыту жүйесі, зәр шығару жүйесі, эндокриндік жүйе, қан, тірек-қимыл аппараты аурулары бар науқастарды тексеру стандарттарына сәйкес тексеру әдістерін жүргізуде клиникалық дағдылар мен технологиялардың кең ауқымын көрсетуі.

2.5. Пререквизиттер:

- Анатомия, физиология
- Психология негізгіздері және коммуникативті дағдылар

2.6. Постреквизиттер:

- Мейіргер ісі негіздері
- Педиатриядағы мейіргер ісі

2.7. Тәжірибе мазмұны:

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		80-11-2025 () 11 беттің 4 беті

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.	Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру. Медициналық көмектің түрлері. Емдеу-алдын-алу мекемелердің негізгі түрлері.	7,2
2	Инфекциялық қауіпсіздік. Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режим.	Инфекциялық қауіпсіздік. АІЖ қоздырғыштары және таралу жолдары. АІЖ-нің жұқтыру көздері және қауіп топтары . АІЖ пайда болуына әсер ететін факторлар. Аурухана ішілік инфекция себептері мен дамуы. АІЖ жататын аурулар. АІЖ алдын-алу. Емдеу-алдын-алу мекемесіндегі тазалау түрлері. Қызметкердің гигиенасы. Қол деконтаминациясы (өндеу).	7,2
3	Дезинфекция. Стерилизация. Медициналық қалдықтар.	Дезинфекцияның түрлері. Залалсыздандырудың механикалық тәсілі. Дезинфекцияның физикалық әдісі. Дезинфекцияның химиялық әдісі. Дезинфекциялық ерітінділердің жіктелуі (химиялық құрылымына байланысты). Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау техникасы. Дезинфекциялық перепараттармен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары. Дезинфекциялық препараттармен кенеттен улануда көрсетілетін бірінші көмек. Дезинфекцияның биологиялық әдісі. Стерилизация. Медициналық тағайындау құралдарын (МТҚ) деконтаминациялау кезеңдері. Стерилизацияның түрлері және әдістері. Стерилизацияның булық әдісі. Залалсыздандырудың ауалық түрі. Стерилизацияның химиялық әдісі. Стерилизацияның газды әдісі. Зарарсыздандыру сапасын бақылау әдістері. Медициналық қалдықтар. Медициналық қалдықтардың жіктелуі. Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу ережелері.	7,2

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2025 ()
Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		11 беттің 5 беті

4	Қабылдау бөлімшесі. Ауруханаға науқасты қабылдау.	Қабылдау бөлімшесі. Ауруханаға науқасты қабылдау. Науқастың дене салмағын өлшеу. Науқастың бойын өлшеу. Бит анықталған кездегі санитарлық тазарту. Гигиеналық себезгіні (душты) жүргізу. Гигиеналық бұлауды (ваннаны) жүргізу. Науқасты тасымалдау.	7,2
5	Науқастың функциональды жағдайын бағалау.	Дене қызуын қолтық ойысынан өлшеу. Кәржілік артериясынан тамыр соғуды анықтау. Қан қысымын өлшеу. Дем алу қозғалысының жиілігін есептеу. Су балансын анықтау және есептеу.	7,2
6	Науқастардың жеке бас гигиенасы.	Функциональды кереуетті қолдану. Науқасқа төсек-орын дайындау. Халі ауыр науқастың төсек-орын тыстарын ауыстыру (ұзынынан жасалатын әдіс). Халі ауыр науқастың төсек-орын тыстарын ауыстыру (көлденен әдіс). Ішкі киімді ауыстыру. Халі ауыр науқастың шашын күту. Науқасты ылғалды сүрту. Халі ауыр науқастың аяғын төсегінде жуу. Қолдағы тырнақты қиып алу. Аяқтағы тырнақты қиып алу. Науқасты қырындыру. Қолтық ойығындағы шашты қыру. Қасағадағы шашты қыру. Халі ауыр әйелдердің жыныс мүшесін жуу. Ер адамның жыныс мүшесін жуу. Дәрет сауытын (судноны) беру. Зәр қабылдағышты беру. Судноны және зәр қабылдағышты зарарсыздандыру ерітіндісіне толық батыру әдісі. Көзді күту. Мұрын қуысын күту. Құлақты күту. Халі ауыр науқастың ауыз қуысын күту. Алмалы-салмалы тіс протездерін күту.	7,2
7	Науқастарды тамақтандыру. Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыру.	Науқастарды тамақтандыру әдістері. Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыру режимі. Певзнер бойынша диеталық столдар.	7,2
8	Қарапайым физиотерапиялық әдістер.	Жылытқышты қолдану. Мұзды мұйықты қолдану. Қыша қағаздарын қою. Аяққа қыша ваннасын жасау. Ыстық ылғалды компресті қою. Салқын компресті қою. Ылғалды қыздыру және дәрлік компрестерді қою. Сүлікті қою. Парафин және озокеритпен емдеу. Ылғалдатылған оттегін мұрын катетері арқылы беру.	7,2

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2025 ()
Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		11 беттің 6 беті

		Оттегі жастықшасынан ылғалдатылған оттегін беру. Постуральды (позициялық) дренаж (bronхты қақырықтан тазарту).	
9	Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіру.	Таблетканы, капсуланы, дражені, пиллюяны қолдану. Тұндырманы, қайнатпаны, микстураны қолдану. Тұнбаны, экстрактыларды (шырсөлді) қолдану. Науқасқа ұнтақты қолдану. Дәрі-дәрмектерді сыртқы жолмен енгізу. Мұрынға дәрілік тамшыны тамызу. Көзге тамшы тамызу. Төменгі қабаққа көз майын қаттастырып салу. Құлаққа дәрілік ерітіндіні тамшылатып тамызу. Жеке ингаляторды қолдану Сеппені қолдану. Дәрілік жабысқақ пластырьді салу. Суппозиторийді (балауызды) тік ішек арқылы енгізу. Дәрілік ерітіндіні теріге жағу. Майлы таңғышты орындау. Теріге майды жағу. Теріге майды сылап жағу. Дәрілік ерітіндіні теріге сылап жағу.	7,2
10	Дәрілік заттарды парентральді жолмен енгізу.	Дәрі-дәрмектерді парентеральды жолмен енгізу. Бір рет қолданылатын шприцті құрастыру. Ампуладан дәрілік ерітіндіні сорып алу. Флаконнан дәрілік ерітіндіні сорып алу. Антибиотиктерді есептеу және еріту ережелері. Тері ішіне инъекцияны орындау. Тері астына инъекцияны орындау. Инсулинді енгізу. Бұлшық етке инъекцияны орындау. Көк тамырға инъекцияны орындау. Сұйықтықты көк тамырға тамшылатып құю үшін бір рет қолданылатын жүйені құрастыру. Сұйықтықтарды көк тамырға тамшылатып енгізуді орындау.	7,2
11	Клизмалар.	Тазарту клизмасын қою. Сифон клизмасын қою. Резеңке алмұрт тәрізді баллонша көмегімен босату (майлы, тұзды, дәрілік) клизмаларын қою. Жел шығаратын түтікті қою.	7

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2025 ()
Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		11 беттің 7 беті

		Майлы клизманы қою. Дәрілік клизманы қою. Тұзды (гипертониялық) клизманы қою.	
12	Қуықты катетерлеу.	Әйелдердің қуығын катетерлеу. Ер адамның қуығын катетерлеу. Қуықты жуу.	7
13	Лабораториялық зерттеу әдістеріне науқасты дайындау.	Лабораториялық анализге саусақтан қан алу. Вакуумды жүйе көмегімен веналық қанды алу. Биохимиялық зерттеуге көк тамырдан қан алу. Қақырықты зерттеуге жинау ережесі. Жалпы клиникалық анализге қақырықты жинау. Атиптік жасушаларға қақырықты жинау. Аурухана жағдайында туберкулезге бактериоскопиялық зерттеу үшін қақырықты жинау. Бактериологиялық зерттеуге қақырықты жинау. Жеке түкіргішті қолдану ережесі Жұтқыншақтан жағынды алу. Мұрын қуысынан жағынды алу. Жалпы клиникалық анализге зәрді жинау. Нечипоренко әдісімен зәрді жинау. Зимницкий байқауына зәрді жинау. Диастазаға зәрді жинау. Қантты анықтауға зәрді жинау. Зәрдегі глюкозаны ұзынша-сопақ тестімен анықтау. Розин байқауын жүргізу (зәрдегі билирубинді анықтау – сапалы байқау). Билирубинді ұзынша-сопақ тестімен анықтау. Зәрді бактериологиялық зерттеуге алу (әйелдер үшін). Зәрді бактериологиялық зерттеуге алу(еркектер үшін). Копрологиялық зерттеуге нәжісті алу. Іш құртының жұмыртқасын анықтауға нәжісті алу. Жасырынды қанды анықтауға нәжісті алу. Бактериологиялық зерттеуге «ашық нәжістен» нәжісті қоректі ортасы бар Петри табақшасына алу. Бактериологиялық зерттеуге «ашық нәжістен» нәжісті пробиркаға алу. Бактериологиялық зерттеуге тікелей тік ішектен нәжісті алу.	7
14	Науқасты эндоскопиялық және рентгенологиялық зерттеулерге дайындау.	Науқасты бронхоскопияға даярлау. Науқасты фиброгастродуоденоскопияға даярлау.	3

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2025 ()
Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы	11 беттің 8 беті

	Науқасты колоноскопияға даярлау. Науқасты ректороманоскопияға даярлау. Науқасты цистоскопияға даярлау. Науқасты ультрадыбыстық зерттеулерге дайындау. Науқасты бронхографияға дайындау. Науқасты асқазан және он екі елі ішекті рентгенологиялық зерттеуге дайындау. Науқасты ирригоскопияға дайындау. Науқасты көк тамырлық (эскреторлық) пиелографияға дайындау.	
Барлығы:		96

2.8. Меңгеру және/немесе бекіту қажет практикалық дағдылардың тізімі

	Бағдарламаға сәйкес орындалатын практикалық дағдылар	Саны
1.	ЕАМ жұмысын ұйымдастыру. Медициналық құжаттама жүргізу.	1
2.	Қабылдау бөлімшесінің және емдеу бөлімшесінің жұмыс принципіне негізделе отырып жұмыс жасау алгоритмі.	1
3.	Мейіргерлік тексеру әдістері. Пациентті тексеру: сұрау және қарау.	2
4.	АПИ алдын - алу мақсатында жүргізілерін іс - шара кешенін ұйымдастыру. Дезинфекция әдістерін жүргізу.	2
5.	Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау техникасы. Дезинфекциялық перепараттармен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары.	1
6.	Науқастарды тасымалдау түрлері және әдістері. Зеңбілмен тасымалдау. Орындық - арбамен тасымалдау. Науқас өз бетінше қозғалғанда көмектесу.	2
7.	Халі ауыр науқастар күтімін жүргізу. Науқас күтімі кезінде төсек жаймасын ауыстыру. Жағдайы ауыр науқастардың киімін ауыстыру.	2
8.	Анафилактикалық шок кезінде көмек көрсету.	2
9.	Парентеральді жолмен инъекция жасау техникасы.	2
10.	Естен тану және коллапс кезіндегі мейіргерлік көмек.	1
11.	Егу кабинетінің жұмысын ұйымдастыру.	2
12.	Сумен емдеу, циркулярлы себезгі, дәрілік ваннамен емдеу техникасы.	1
13.	Қышалар, жылытқыштар, жылы компресс қою алгоритмі.	1
14.	Клизма көрсітілімдері және енгізу техникасы.	2
15.	Бұзылған қажеттілікті қанағаттандырудағы мейірбикелік әрекеттер. Тері күтімі. Төсекте аяқты жуу. Тырнақ күтімі. Ауыз қуысы күтімі	2

2.9. Бақылау: Д/сынақ

Д/сынақ - бұл бағалау әдісі, онда студент тәлімгер мен оқытушыға өзінің білімі мен түсінігін көрсетеді.

Д/сынаққа арналған сұрақтар:

1. Мейіргер ісі туралы түсінік.
2. Науқас адамдарды күту және оның маңызы.
3. Медициналық этика және деонтология. Топтағы, ұжымдағы тұлғааралық қатынастар.
4. Мейіргер күтімінің міндеттері.
5. Емдеу-профилактикалық мекеменің басты типтері.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		80-11-2025 () 11 беттің 9 беті

6. Дене биомеханикасы түсінігі.
7. . Қабылдау бөлімінің құрылымы.
8. Медициналық құжаттама.
9. Мейіргерлік үрдістің мақсаты.
10. Науқастарды тасымалдау және орнын ауыстыру.
11. Асептика және оның түрлері.
12. Мейіргер-дәрігер арасындағы қарым-қатынас.
13. Мейіргер іс- шарасының негіздері.
14. Антисептика және оның түрлері.
15. ЕПҰ-дағы емдік тамақтануды ұйымдастыру.
16. Дәрілік заттарды есепке алу және сақтау.
17. Аурухананың емдеу бөлімі. Емдеу бөлімінің құрамы.
18. Науқастарды зеңбілмен тасымалдау техникасы.
19. Жағдайы ауыр науқастарды күту.
20. Науқастарды арнайы тексеруге дайындау.
21. Науқастың жеке басының гигиенасы.
22. Ауыр жарақат алған науқастарды тасымалдау.
23. Тамақтану рационын ұйымдастыру.
24. Науқастың жалпы жағдайын бағалау және бақылау.
25. Науқастарға тамақты үлестіру және науқастарды тамақтандыру.
26. 2. №1, №2, №3 емдәм туралы түсінік.
27. 3. Дәрілік заттарды көк тамыр ішіне енгізу.
28. Венозды катетерлермен жұмыс істеу техникасы.
29. №4, №5 емдәм туралы түсінік.
30. Сифонды клизма жүргізу көрсеткіші.
31. Емдік тағам белгілеудің негізгі принциптері.
32. Дене қызуы және оны өлшеу.
33. Физиотерапия және оның түрлері.
34. Көз, мұрын, ауыз қуысын өңдеу іс-шаралары.
35. Бұлшық ет инъекциясын орындаудағы болуы мүмкін асқыну және оның себептері
36. Науқастың төсектегі қалыпының сипаттамасы.
37. Қышалар, жылытқыштар, жылы компресс қою әдісі.
38. №6, №7, №8 емдәмдер туралы түсінік.
39. Инфильтраттың себептері, алдын-алу, емдеу.
40. Сумен емдеу, сулы ванна, дәрілік ванна туралы түсінік.
41. Гипертониялық клизмаға көрсетілімдер
42. №9, №10, №11 емдәмдер туралы түсінік.
43. Дәрі-дәрмектерді дәріханадан алу, сақтау және қолдану.
44. Дәрілік препараттарды парентеральді жолмен енгізу.
45. Анафилактикалық шок, алдын-алу
46. Қарапайым физиотерапиялық шаралар. Оксигенотерапия.
47. №12, №13 емдәмдер туралы түсінік.
48. Дәрігерлік және мейірбикелік диагноздың айырмашылығын сипаттау.
49. Антибиотиктерді еріту ережесі.
50. Зертханалық зерттеу әдістері.
51. Майлы клизма және оны жүргізу себептері.
52. Егу кабинетінде болуы тиіс құжаттар.
53. Асқазанды шаю алгоритмі.
54. Функционалды кереуеттің мақсаты.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы		80-11-2025 () 11 беттің 10 беті

55. Егу кабинетінің жұмысын ұйымдастыру
56. Бүйрек ауруымен ауырған науқастарды күту.
57. Тыныс алуды бағалау.
58. Тері ішіне инъекция жасау.
59. №14 емдәмдер туралы түсінік.
60. Асқазанды шаю алгоритімі.
61. Тері астына инъекция жасау.
62. Кәсіби мейіргер жұмысын ұйымдастыру.
63. Аллергиялық тестілер жүргізу.
64. Бұлшық ет ішіне инъекция жасау.
65. Дайындалған инсулин дозасын шприцпен алу техникасы.
66. Ішек қызметі бұзылған кездегі мейіргерлік үрдіс.
67. Абсцес және оның пайда болу себебі.
68. Электр тогымен емдеу көрсеткіші.
69. Қақырықты жалпы анализге жинау.
70. Көктамырішілік – тамшылы жүйені жинау техникасы.
71. Тыныс алу мүшесін аспаптармен зерттеу әдістері.
72. Мейіргерлік үрдіс кезеңдері.
73. Электрокардиография.
74. Стерилизация: түрлері, әдістері, қолданылатын заттар.
75. Жүрек қан-тамыр жүйесімен ауырған науқастарды күту және бағалау.
76. Перифериялық көктамыр катетерін қою техникасы.
77. Дәрілік электрофорез техникасы.
78. Пульсті зерттеу әдісі.
79. Мейіргерлік күтімді ұйымдастыру.
80. Клизма және оның түрлері.
81. Көп рет қолданылатын құрал-жабдықтарды зарарсыздандыру тәртібі.
82. Артерия қысымын өлшеу ережесі.
83. Инфильтрат және оның пайда болу себебі.
84. Мейіргер мен науқас арасындағы қарым қатынас.
85. Емдік диета түсінігі.
86. Аскорыту жүйесі бұзылған кездегі мейіргерлік үрдіс.
87. Жүрек астмасы кезінде көрсетілетін шұғыл жәрдем.
88. Науқастың төсегін әзірлеу.
89. Қантамырлардың жедел кемшілігі. Талма.
90. Мейіргер мен науқастың туыстары арасындағы қарым қатынас.

Бағалау критерийлері

Бағалау	- бұл оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес практика бағдарламасының мақсаттарының жетістіктерін анықтаудың үздіксіз процесі
Бағалау түрлері	
Қорытынды бағалау	- бұл тьютор, тәлімгер тәжірибені бағалаудың мақсаттары мен критерийлеріне сәйкес білімді, дағдыларды немесе құзыреттілікті меңгеру деңгейін анықтайтын процесс. Бағалау медициналық ұйымның базасында бағалау нысанында жүзеге асырылады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Өндірістік практика бойынша жұмыс оқу бағдарламасы	80-11-2025 () 11 беттің 11 беті

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағатсыз
F	0	0-49	
Бағалау критерилері	Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда		